

Жансүгіров поселкелік округінде бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 8 сәуірдегі N 67 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының әділет басқармасында 2008 жылы 18 сәуірде N 2-4-66 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 7 қыркүйектегі N 254 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2009.09.07 N 254 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңның 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес және Ақсу аудандық бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Жансүгіров поселкелік округінде ірі қара және ұсақ мал ішінен бруцеллез ауруының шығуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында шектеу іс-шаралары енгізіліп, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Жансүгіров поселкелік округі бойынша бруцеллез ауруының ошағын жою жөніндегі іс-шаралар жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Б. Тынышбаевқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудан әкімі</i>	<i>Ә. Дүйсембаев</i>	
Ақсу ауданы әкімдігінің	2008	
жылғы 08 сәуірдегі	"Жансүгіров	
поселкелік округінде	бруцеллез	
ауруының шығуына	байланысты	
шектеу іс-шараларын	белгілеу	
туралы "	N 67	қаулысына
қосымша		

Жансүгіров поселкелік округінде бруцеллез ауруының шығуына байланысты ветеринариялық режим белгіленген аулаларда оның алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралары.

Іс-шаралар аталуы	Орындалу мерзімі	Жауапты адамдар
Ұйымдық - шаруашылықтың шаралары		

1	Поселкелік округте ауылшаруашылық малдардың толық есебін жүргізу, жануарлардың барлық түрін бірдейлендіруден өткізу	2008 жылдың қаңтар-шілде айларында	поселкелік округінің әкімі аппаратының мамандары, поселкелік округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), мал иесі (келісуімен)
2	Арнайы мал соятын орындар мен өлген малдарды тастайтын шұңқырды осы елді мекенде жасау	2008 жылдың қараша айына дейін	поселкелік округінің әкімі
Арнайы ветеринариялық шаралар			
1	Бруцеллез ауруымен ауырған малдарды тез арада жалпы отардан аластау	Дереу	поселкелік округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), поселкелік округінің әкімі, мал иесі (келісуімен)
2	Ауру шыққан ауладағы басқа малдардан екі қайтара 15-21 күн сайын қан алынып, 2 рет таза нәтиже шыққанша	Ветеринариялық заңдылықтарға сәйкес тұрақты түрде	поселкелік округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), кәсіпкер мал дәрігері (келісуімен)
3	Мал тұрған қоралар мен аулаларды қидан тазарту және мал сойған орындарды арнайы дәрілермен залалсыздандырудан өткізу	Тұрақты түрде	поселкелік округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), кәсіпкер мал дәрігері (келісуімен)
4	Ветеринариялық инспектордың рұқсатынсыз ауру ошағына сырттан мал алып келу немесе алып шығуға тыйым салынсын.	Аурудан сауықтырғанша	поселкелік округтің әкімі, поселкелік ветеринариялық инспекторы (келісуімен)
5	Ауру ошағы территориясынан мал азығын дайындауға, оны басқа жерге алып шығуға тыйым салынсын.	Аурудан сауықтырғанша	поселкелік округінің әкімі, поселкелік ветеринариялық инспекторы (келісуімен)
6	Ауру шыққан ауладағы адамдардың бруцеллез ауруына тексерілуін жүргізу	Тұрақты түрде	Ақсу аудандық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мамандары (келісуімен)
7	Аудан тұрғындары арасында бруцеллез ауруынан сақтану шаралары жөнінде насихат жұмысын жүргізу	Тұрақты түрде	Ақсу аудандық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мамандары (келісуімен)